



Валюталық жүйе ұғымы



Орындаған: *АУБАКИРОВА ЖАНЕРКЕ*
4-курс, Қаржы-12702

Тексерген: *УТЕЕВ Б.Ж.*



Валюта дегеніміз – мемлекеттердің заңды төлем құралы ретінде қабылданған ақша бірлігі немесе банкноттар, қазыналық билеттер мен тиындар, соның ішінде қымбат металдардан жасалған тиындар (айналымнан алынған немесе алынатын, бірақ айналымда жүрген ақша белгісі мен айырбастауға жататын тиындар) түріндегі қолма-қол және аударым нысанындағы құнның ресми стандарттары, сондай-ақ, шоттардағы, соның ішінде халықаралық ақша немесе есеп айырысу бірлігіндегі қаражат.



Валюталық жүйе — ұлттық заңдылықтармен немесе мемлекет аралық келісімшарттармен бекітілетін валюталық, қатынастарды ұйымдастыру және реттеу нысаны.

Валюталық жүйелер үш түрге бөлінеді:



Тарихта, ұлттық валюталық жүйе ең бірінші қалыптасқан. Ұлттық валюталық жүйе — халықаралық төлем айналымын жүзеге асыратын, ұдайы өндіріс үдерісіне қажетті валюталық ресурсты құрайтын және оны пайдалануға көмектесетін экономикалық қатынастар жиынтығын білдіреді. Ұлттық валюталық жүйе - елдің ақша жүйесінің бір бөлігі. Оның ерекшеліктері елдің құрамдас экономикасының және сыртқы экономикалық байланыстардың даму дәрежесі мен жағдайына байланысты анықталады.

Ұлттық валюталық жүйе дүниежүзілік валюталық жүйемен тығыз байланысты. Дүниежүзілік валюталық жүйе XIX ғасырдың ортасына таман құрылған.

Дүниежүзілік валюталық жүйе — бұл халықаралық несие-қаржы институттары мен валюталық құралдардың қызмет етуін қамтамасыз ететін халықаралық келісімшарттар мен мемлекетаралық құқықтық нормалар кешенін қамтыды.

Дүниежүзілік валюталық жүйелердің қызмет ету сипаты мен тұрақтылығы дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымдылық кағидаларының сәйкес келуі дәрежесіне және алдыңғы қатарлы елдердің мүдделеріне байланысты болып келеді.



Ұлттық валюталық жүйе	Дүниежүзілік валюталық жүйе
Ұлттық валюта	Резервтік валюталар
Ұлттық валютаның алмастырылу шарты	Валюталардың өзара алмастырылу шарты
Ұлттық валюта паритеті	Валюталық паритеттерінің ортақ режимі
Ұлттық валюта бағамының режимі	Валюталық бағамдар режимінің регламентациясы
Валюталық шектеудің, валюталық бақылаудың болуы немесе болмауы	Валюталық шектеуді мемлекетаралық реттеу
Елдің халықаралық валюталық өтімділігін ұлттық реттеу	Халықаралық валюталық өтімділікті мемлекетаралық реттеу
Халықаралық несиелік айналыс құралдарын пайдалануды регламенттеу	Халықаралық несиелік айналыс құралдарды пайдаланудың ережелерінің біртұтастығы
Елдің халықаралық есеп айырысуларын регламенттеу	Халықаралық есеп айырысудың негізгі нысандарының біртұтастығы
Ұлттық валюталық нарық пен алтын нарығының режимі	Дүниежүзілік валюталық нарықтар мен алтын нарықтарының режимі
Елдің валюталық қатынастарын басқаратын және реттейтін ұлттық ұйымдары	Мемлекетаралық валюталық реттеуді жүзеге асыратын халықаралық ұйымдар

Ұлттық валюталық жүйемен дүниежүзілік валюталық жүйенің белгілері

- *Валюта — бұл біріншіден, сол елдің ақша бірлігі; екіншіден, шетел мемлекеттерінің ақша белгілері; үшіншіден, халықаралық есептесу бірліктері және төлем құралы (СДР, еуро.). Валюталық бағам — бір елдің ақша бірлігінің екінші бір елдің ақша бірлігіне қатысты бейнеленетін бағасы.*



- Валюталық бағамның қажеттігі:

- 1.** тауарлар мен қызметтермен саудасаттықта, капиталдар мен несиелер қозғалысы барысында өзара валюталарды айырбастайды. Импортер ұлттық валютасын шетелден тауар алғаны үшін шетел валютасына ауыстырады.
- 2.** дүниежүзілік және ұлттық нарықтағы бағаларды, сол сияқты әр елдің құндық көрсеткіштерін салыстыруға;
- 3.** фирмалардың және банктердің шетел валютасындағы шоттарын үздіксіз қайта бағалап отыруға;



Жаңа дүниежүзілік валюталық жүйені құру үш басты кезеңде жүргізіледі:

- I кезең — жаңа жүйенің қағидаларының қалыптасуы, алғы шарттардың түзілуін, анықталуын қамтиды, мұнда бұрынғы жүйемен өзара байланыс сақталады.
- II кезең — жаңа жүйенің қағидаларының құрылымдары толығымен аяқталып, біртіндеп іске қосылады.
- III кезең — толық қызмет ететін жана дүниежүзілік жүйе құрылады.





Дүниежүзілік валюталық жүйенің мынадай эволюциялары белгілі:

- *Парилсдің валюталық жүйесі (1867 жылы)*
 - *Генуэз валюталық жүйесі (1922 жылы)*
 - *Бреттон-вудс валюталық жүйесі (1944 жылы)*
 - *Ямайск валюталық жүйесі (1976—1978 жылдары)*
 - *Еуропалық валюталық жүйе (1979 жылы)*
-

- Валюталық жүйе. Халықаралық валюталық қатынастар — бұл ұлттық шаруашылық қызметтерінің нәтижелері мен өзара алмасуына қызмет ететін және дүниежүзілік шаруашылықтағы валюталардың қызмет етуі барысында қалыптасатын қоғамдық қатынастар жиынтығы.





*НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!!!*
